


КЕДЕНДІК ОДАҚ



Орындаған: Ю-42 Бөрібекова Ұлжан, Мүслім Аяулым
Қабылдаған: аға оқытушы Ботагарин Р.Б



Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы 2007 ж. қазан айының 6-шы жұлдызында қол қойылған келісім бойынша Кедендік одақ құрады.

Кедендік одақтың жоғарғы органы – мемлекет пен үкімет басшыларының деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңестер. 2007 ж. 6 қазанындағы келісім бойынша кедендік одаққа кіретін мемлекеттер Кедендік одақ Комиссиясын құрды.

Бұл - кедендік одақтың тұрақты түрде жұмыс істейтін біртұтас реттеуші органы.


Кедендік одақтың құрылуы біртұтас кедендік кеңістіктің пайда болғанын білдіреді. Бұл кеңістік шеңберінде кедендік баж салынбайды, экономикалық шектеуші құралдар қолданылмайды. Тек, демпингке қарсы немесе компенсациялық шараларды қолдануға рұқсат. Кедендік одақ шеңберінде біртұтас кедендік тариф және шет мемлекеттермен сауда айналымын реттейтін басқа да ортақ шаралар қолданылады.

2009 жылы Кедендік одақтың жоғарғы органы – Кедендік одақ Комиссиясы мен мүше-мемлекеттердің үкіметтері кедендік одақтың заңнамалық негізін қалауға бағытталған бірнеше шара өткізді. Яғни, Біртұтас кедендік тариф, Кедендік Кодекс, Кедендік Одақ Сотының мәртебесі пысықталды.

Кедендік Одаққа мүше мемлекеттер және оның жоғарғы органы

2007 ж. 6-шы қазанында қабылданған келісім бойынша Кедендік одақтың құрамына Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы кіреді.

Кедендік Одақтың жоғарғы органы - мемлекет басшыларының деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңес:



Беларусь Республикасының
Президенті
Александр Григорьевич Лукашенко



Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев



Ресей Федерациясының
Владимир Владимирович
Путин

Кедендік Одақтың мақсаты мен міндеті Кедендік Одақтың құрылуы біртұтас кедендік кеңістіктің пайда болғанын білдіреді.

Бұл кеңістік шеңберінде кедендік баж салынбайды, экономикалық шектеуші құралдар қолданылмайды. Тек қана демпингке қарсы немесе компенсациялық шараларды қолдануға рұқсат. Кедендік Одақ шеңберінде біртұтас кедендік тариф және шет мемлекеттермен сауда айналымын реттейтін басқа да ортақ шаралар қолданылады. 2007 ж. 6-шы қазанда қол қойылған Кедендік Одақтың құрылуы туралы келісімде одақтың міндеттері көрсетілген.

КЕДЕНДІК ОДАҚТЫҢ ЖӘНЕ БІРТҰТАС КЕДЕНДІК КЕҢІСТІКТІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖАЙЛЫ КЕЛІСІМ. 6 ҚАЗАН, 2007 ЖЫЛ.

Бұл құжатта «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы 2000 жылдың 10-шы қазанында қабылданған Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құрылуына байланысты келісімге негізделе отырып, өзара саудада еркін тауар айналымын қамтамасыз ету үшін, Кедендік Одақтың үшінші елдермен сауда-саттығына қолайлы жағдай жасау үшін, тараптардың экономикалық интеграциясын дамыту үшін мынадай келісім жасады:

1 бап

Бұл келісім-шарттағы түсініктердің мағынасы мынадай: «біртұтас кедендік кеңістік» - Тараптардың кедендік кеңістіктерінен тұратын кеңістік; «біртұтас кедендік тариф» - біртұтас кедендік кеңістікке үшінші елдерден әкелінетін тауарларға салынатын кедендік салық; «кедендік одақ» - тараптардың біртұтас кедендік кеңістігі құрылатын сауда-экономикалық интеграцияның түрі. Бұл біртұтас кеңістікте саудаға салынатын тауарларға кедендік салық пен экономикалық шектеуші құралдар қолданылмайды. Тек қана антидемпингтік, компенсациялық шараларды пайдалануға рұқсат етілген. Ал, үшінші елдермен саудада кедендік одаққа кіретін мемлекеттер бірдей кедендік тарифтерді қолданады; «үшінші елдер» - бұл келісімге қосылмайтын мемлекеттер.

2 бап

Тараптардың кедендік кеңістіктерін біріктіріп, кедендік одақты құру процедурасын тәмамдау туралы шешімді қабылдайтын – одақтың жоғарғы органы. Бұл шешім төмендегі іс-шаралар жасалғаннан кейін қабылданады:

- а) үшінші елдермен сауданы реттеу құралдары мен бірыңғай кедендік тарифтерді бекіту;
- ә) үшінші елдермен сауда қатынастарында бірыңғай сауда режимін енгізу;
- б) Кедендік баж, басқа да салықтарды қолданудың тәртібін бекіту;
- в) Тауарды өндірген мемлекетті анықтаудың ортақ ережелерін қабылдау;
- г) Тауарлардың кедендік құнын анықтаудың ортақ ережелерін қабылдау;
- д) Сыртқы және ішкі сауда статистикасының бірыңғай әдістемесін бекіту;
- е) Кедендік баж төлеу ережелері мен тауарды декларациялау тәртібі сияқты, кедендік реттеу құралдарын унификациялау;
- ж) Кедендік Одақтың органдарының құрылып, олардың толық қанды жұмыс істеуі.

3 бап

Біртұтас кедендік кеңістік құрылғаннан кейін тараптар өзара саудада кедендік баж, немесе басқа да шектеулерді қолданбайды. Дегенмен, бұл бап тараптардың өзара саудада арнайы антидемпингтік және компенсациялық шараларды қолдануына; қоғамдық моральді, адам өмірі мен денсаулығын, өсімдіктер мен жануарларды, табиғат пен мәдени құндылықтарға араша түсу керек болған жағдайларға импорт пен экспортты шектеуге тыйым салмайды. Тек бұл шектеулер сауданы шектеудің жасырын әдістеріне айналмауы керек.

4 бап

Егер біртұтас кедендік кеңістік құрылмай тұрып, Тараптардың арасында кедендік баж салу ережелері, немесе әкімшілік процедуралар жайлы екі жақты келісім болған болса, және ол келісімдегі талаптар осы құжатта қарастырылған талаптардан әлдеқайда қолайлы болса, ол халықаралық келісімнің күші жойылмайды.

5 бап

Біртұтас кедендік кеңістік құрылған мезеттен бастап, әрбір Тараптың үшінші елмен арадағы саудада қолданатын кедендік баж бен әкімшілік процедуралары осы келісімде белгіленген талаптардан қолайлы болмауы тиіс.

6 бап

Егер тараптардың арасында осы келісімнің талаптары мен шарттарына қатысты дау туса, ондай келіспеушілік екі жақтың арасындағы келіссөз арқылы шешіледі. Егер екі жақ та мәмілеге келмесе, бұл іс Евразиялық Экономикалық Қауымдастық Сотының қарауына тапсырылады.

7 бап

Тараптардың келісімі бойынша бұл келісім-шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Ондай өзгерістер арнайы хаттамада тіркеледі.

8 бап

Бұл келісім ратификациялануы тиіс. Бұл Келісімнің заңды күшіне енуі, келісімге қосылу немесе одан шығу тәртібі халықаралық келісімдерге қосылу Хаттамасымен реттеледі. 2007 жылдың 6 қазанында қабылданған бұл хаттама кедендік одақтың құқықтық негізін құрайды.

Келісім 2007 жылдың 6 қазанында Душанбе қаласында қабылданған. Түпнұсқасы орыс тілінде. Бұл келісімнің түпнұсқасы ЕврАзЭс Интеграциялық Комитетінде сақталып тұр. Комитет осы келісімнің депозитарийі болып саналады және әрбір тарапқа құжаттың көшірмесін тапсыруға міндетті.

ҚҰРЫЛЫМЫ



КЕДЕНДІК КОМИССИЯ

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы 2007 жылдың 6 қазанындағы Келісім-шартына сәйкес кедендік одақтың әрдайым қызмет атқаратын біріңғай реттеу органы – Кедендік комиссия құрды. Кедендік одақ комиссиясы процедурасының ережелері, Кедендік одақ комиссиясы қызметінің заңдық негізі болып табылады.



Шувалов Игорь Иванович
Кедендік одақ комиссиясының Төрағасы -
Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші
орынбасары

1967 жылдың 4 қаңтарында, Билибин Магадан облысыныда дүниеге келген.

1993 жылы «құқықтану» мамандығы бойынша М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің құқық факультетін бітірді.

1984-1985 жылдары «Экос» Ғылыми-зерттеу институтында лаборант болып жұмыс істеді. 1985 жылдан бастап 1987 жылға дейін Кеңестік армия құрамында қызмет етті. 1993 жылы Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі Құқық департаментінде атташе болып жұмыс істеді. 1993-1995 жылдар аралығында «АЛМ Консалтинг» ЖТАҚ-ның заң кеңесшісі, 1995 жылдан бастап «АЛМ» адвокаттық бюросының директоры болды. 1997 жылы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Ресейдің мемлекеттік комитетінің федералды мүлкінің мемлекеттік тізімі департаментінің басшысы болып тағайындалды. 1998 жылы Ресей Федерациясының Мемлекеттік мүлік министрінің орынбасары болып тағайындалды. 1998 жылдан бастап 2000 жыл аралығында Ресейлік федералды мүлік фондының Төрағасы лауазымына ие болды.

2000 жылдың 18 мамырында Ресей Федерациясы Үкіметінің Аппарат Басшысы – Ресей Федерациясының Министрі болып тағайындалды. 2003 жылдың маусым айында Ресей Федерациясы Президентінің көмекшісі болып тағайындады. 2003 жылдың қазанынан бастап – Ресей федерациясы Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары болды. 2004 жылдың наурызынан бастап – Ресей Федерациясы Президентінің көмекшісі болды.

2008 жылдың 12 мамырынан бастап – Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

1960 жылы Мәскеу (Ресей) қаласында дүниеге келді. Мәскеу авиациялық институтын, Беларусь мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын және БКП саясаттану және әлеуметтік басқару институтын оқып бітірді. Еңбек қызметін Минск қаласындағы С.И. Вавилов атындағы механикалық зауыттың механикалық құрастыру цехінің шебері ретінде бастады. 1988-1989 жылдары Рогачев қаласындағы «Диaproектор» зауытында, 1988-1989 жылдары – БКП Рогачев қалалық комитетінің нұсқаушысы болып жұмыс істеді. 1991-1995 жылдары – «Диaproектор» зауытының жоспарлы экономикалық бөлім басшысы, экономика жөніндегі директордың орынбасары. 1995-1996 жылдары – Беларусь Республикасы Президентінің бақылау Қызметі басшысының орынбасары. 1996-1998 жылдары – Беларусь Республикасы мемлекеттік бақылау Комитеті төрағасының орынбасары. 1998 жылдың маусымынан бастап – жеңіл өнеркәсіп тауарларын өндіру және сату жөніндегі Беларусь концернінің президенті. 1998-2000 жылдары – мемлекеттік бақылау Комитетінің төрағасы. 2000 жылдан бастап – премьер-министрдің бірінші орынбасары, 2001 жылдан бастап – Беларусь Республикасы премьер-министрінің орынбасары. 2002 жылдан бастап – Беларусь Республикасы премьер-министрінің орынбасары – Беларусь Республикасының экономика министрі. 2003 жылдың желтоқсанынан бастап – Беларусь Республикасы Үкіметі Төрағасының орынбасары.



**Кобяков
Андрей Владимирович**
Беларусь Республикасы Үкіметі
Төрағасының орынбасары

1964 жылдың 12 наурызында, Түркістан қаласында дүниеге келді. Мәскеу экономикалық-статистикалық институтын бітірген (1986 ж.), экономист-математик.

Институтты бітіргеннен кейін ҚазКСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы ҒИІ кіші ғылыми қызметкері (1986-1988 жж.); МЭСИ аспиранты (1988-1991 жж.); АСПУ ҒИІ жетекші ғылыми қызметкері (1991-1992 жж.); ҚР Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің кеңесшісі (1992-1993 жж.); Президент Әкімшілігі мен Министрлер Кабинетінің қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1993 ж.); Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілік басшысы, әкімінің орынбасары (1993-1995 жж.); ҚР Экономика министрі (1995 ж. қараша – 1997 ж. наурыз); ҚР эконмика және сауда министрі (1997 ж. наурыз-қазан); ҚР Премьер-министрінің орынбасары (макроэкономика, өнеркәсіптің оперативтік қызметі, сауда, көлік, энергетика, ғылым, ТМД елдерімен қарым-қатынас мәселелерімен айналысты) (1997 жж. шілде – қазан); «Тұран-Әлем» банкінің басқарма төрағасы (1997 ж. қазан – 1998 ж. сәуір); ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары (1998 ж. сәуір – тамыз); 1998 жылғы тамызынан 2004 жылдың наурызына дейін Қостанай облысының әкімі; ҚР Президенті маңындағы жоғары экономикалық кеңестің мүшесі (1997 ж. ақпан – қараша); ҚР тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес мүшесі (1997 ж. қараша – 1998 ж. тамыз); «Қазақойл» ҰМК» ЖАҚ бақылау кеңесінің Төрағасы (1997 ж. наурыз – желтоқсан); 2004 жылдың наурызынан Астана қаласының әкімі; 2006 жылдың қыркүйегінен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметтерін атқарды.

2007 жылдың тамыз айынан бастап ҚР Премьер-Министрінің орынбасары қызметіне тағайындалды.

2009 жылдың 3 наурызында Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Үкіметі Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды.

2009 жылдың 22 сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасының



Шөкеев Өмірзақ Естайұлы
Қазақстан Республикасы
Үкіметі Төрағасының бірінші
орынбасары

ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Бизнес пен билік арасында диалог орнату арқылы республиканың мұнай-газ кешені кәсіпорындарының рөлін арттыру. Сонымен қатар, құқық орнатушы және нормативті-құқықтық актілерді шығару, мұнай-газ және энергетикалық сектордың сарапшылық кеңестері мен жұмысшы топтарында Қауымдастықтың ықпалын күшейту;

- Халықаралық институттар аясында ұлттық энергетикалық саясаттың және интеграциялық бастамалардың тиімді жүзеге асуына жәрдемдесу;
 - Қазақстан кәсіпкерлігін қолдау және дамыту инфрақұрылымын құру. Оның жағымды имиджі мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру ісін белсенді түрде жүргізу;
 - Ұсынатын қызметтерін және жұмыстың тиімділігін арттыру.
- Қауымдастықтың жарналық қорларын ұлғайту. Қауымдастықтың келешекте институционалды жетілуін қамтамасыз ету;
- Болашақта профильді халықаралық және республикалық бастамаларды жүзеге асыруда көмек көрсету. Жариялылықты насихаттау;
 - Қазақстанда және шетелде мұнай-газ және энергетика саласының мамандарын дайындауға септігін тигізетін профильді білім беру бастамалары мен бағдарламаларына қолдау көрсетіп, Қауымдастық жұмысының мәртебесін өсіру;
 - Халықаралық деңгейде өткізілетін іс-шараларға Қауымдастық мүшелерін жұмылдыру. Сонымен қатар, өзге мемлекеттердің мұнай-газ және энергетикалық қауымдастықтарымен кешенді халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
 - Қазақстанның ішінде және шетелде Қауымдастықтың беделі мен халық арасындағы танымалдығын көтеру.

ҚАУЫМДАСТЫҚТАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Орта мерзімдік жоба-жоспарды есепке ала отырып, Қауымдастықты дамыту жолының негізгі іс-әрекеттерін жүйелеу;
- Қауымдастықтың ішкі құрылымын оңтайландыру. Қауымдастықтың міндеттерін және оның ұсынатын қызметтер аясын кеңейту, тиімділігін арттыру;
- Отандық кәсіпкерлікті - орта және шағын бизнес өкілдеріне қолдау көрсету, әлеуметтік жауапкершілік пен бизнестің жағымды имиджін қалыптастыру жолындағы қызметті жандандыру;
- Бизнес пен билік арасында келіссөз жүргізу жолымен Республиканың мұнай-газ кешені кәсіпорындарының мүдделерін қорғау ісінде Қауымдастықтың рөлін күшейту;
- Ұлттық энергетикалық саясатты жүзеге асыру.
- Мемлекетаралық институттар аясында Қауымдастық профильді интеграциялық бастамаларға мұрындық болып, ықпалын арттыру;
- Сырт елдердің мұнай-газ және энергетикалық қауымдастықтарымен қарым-қатынасты үйлестіріп, Қауымдастықтың халықаралық мәртебесін арттыруға мүмкіндік жасау;
- Іс-шараларды (конференциялар, форумдар, дөңгелек үстелдер) ұйымдастыру;
- Профильді білім беру бастамаларын қолдап, бағдарламаларына жүйелік жәрдем беру;
- Ақпараттық стратегия. Қауымдастық пен оған мүше компаниялардың жағымды имиджін қалыптастыру. Оның белсенділігі туралы мәліметтерді тарату іс-қимылдарды жүйелеу
- EnergyCity жобасын бастау
- «Bіrігу Энергиясы» Халықаралық энергетикалық жүлдесін ұйымдастыру

ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘРЕКЕТ ЕТУІ

Қауымдастығы 2005 жылы қараша айының 2-ші жұлдызында құрылды. Өз еріктерімен бас қосқан заңды тұлғалардың бірлестігі. Ұйым коммерциялық мүддені көздемейді. Мақсаты - Қазақстан Республикасының жанар-жағармай (мұнай-газ) және энергетикалық кешенінің тұрақты түрде дамуына қолайлы жағдай жасау. Қауымдастық – мұнай-газ саласының мамандарын, кен игеру ісіне қатысы бар қызметкерлердің, энергетиктердің, тасымалдау қызметін көрсететін кәсіпорын өкілдерінің, тұтынушылардың ой-пікірі ашық талданатын «ақпараттық кеңістік» міндетін атқаруы тиіс.

Қызметі

Қауымдастық Қазақстанның мұнай-газ және энергетикалық кешенінің дамуына серпін берер ұйым. Саланың дамуына сүбелі үлес қосуды мұрат тұтады. Коммерциялық мүддені көздемейді. Өз ерік-ниеттерімен бір ортаға ұйысқан заңды тұлғалардың бірлестігі.

Негізгі ойы

Еуразияның қақ жүрегінде – өз міндетіне зор жауапкершілікпен қарап, қызметін қалтықсыз іске асыратын энергетикалық орталыққа айналу. Бәсекелестік пәрмені мықты Қазақстанның мұнай-газ бен энергетика өнеркәсібін одан әрі көркейту.

Мақсаттары

Мемлекеттік органдарда қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау. Құқықтық негіздің үйлесімділігін арттыру.

Жер қойнауын пайдаланушылар, электр қуатын өндірушілер, энергетика секторының өнімдері мен қызметтерін тұтынушылар үшін ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастыру.

Жергілікті, аймақтық және халықаралық деңгейде кәсіпкерлік пен ынтымақтастықты насихаттайтын салааралық жобаларды қолдау және дамыту.

Қауымдастық пен ұйым мүшелерінің, жалпы саланың жағымды имиджін аймақтық және ғаламдық деңгейде жұртшылыққа паш ету.

Қазақстан қоғамының экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық салалардағы белсенделігін ынталандыру.

Принциптер мен құндылықтар

- Жариялылық. Қауымдастықтың барлық мүшелері компания ауқымы мен оның меншік түріне қарамастан ұйым аясында ортақ тәртіп пен міндеттерге бағынады. Басқару амалдары бүгінгі демократиялық жүйенің құндылықтарына негізделеді. Қазақстандық қоғамда ұйымдық құрылымның ең ұтымды түрін насихаттап, бәсекелестікті қалыптастыруға ықпал етеді.
- Белсенділік. Қауымдастық мүшелері арнайы мамандандырылған бағдарламалардың жүзеге асырылуына және ұйымның күнделікті жұмысын үйлестіру ісіне белсенді түрде қатысады. Қауымдастық мұнай-газ және энергетика саласының ғана емес, сонымен бірге, тұтас қазақстандық қоғамның дамуына мүмкіндік беретін стратегиялық маңызы зор бастамалардың жүзеге асуына ат салысады.
- Экологиялылық. Қауымдастықтың барлық мүшелері өз қызметінде Қазақстан Республикасының экологиялық стандарттарын қатаң түрде ұстануы керек. Қауымдастық Қазақстан экономикасының тұрақты түрде әрі ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ететін экологиялық таза, ресурстар үнемдеуге мүмкіндік беретін технологияларды әзірлеп, кеңінен пайдалануға жол ашады.
- Кәсібилік. Қауымдастық мүшелері бір-бірімен кәсіби байланыстарды жақсартып, ұйымның өз ішіндегі іс-қимыл, әрекет сапасын халықаралық талаптарға бейімдеуге тырысады. Қауымдастық мамандандырылған бағдарламаларды іске асыру жолымен еліміздің мұнай-газ және энергетика саласына қажетті кәсіби біліктілігі шыңдалған қызметкерлер санын көбейту үшін барлық жағдай жасайды.
- Ашықтық. Қауымдастықтың барлық мүшелері ұйым аясында атқаратын барлық жұмыстарын ашық әрі жария түрде жүргізеді. Қауымдастық мұнай-газ кәсіпорындарының қызметі туралы ашық ақпарат беру жолымен қалың бұқараның сеніміне ие болу бағдарламасын іске асырады.
- Жауапкершілік. Қауымдастыққа мүше компаниялар - әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын түсінетін бизнес ұйымдар. Қауымдастық мұнай-газ, энергетикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар, халықаралық қауымдастық пен Қазақстан жұртшылығы арасындағы ынтымақтастық пен әріптестік мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды.
- Инновациялылық. Қауымдастықтың барлық мүшелері өз жобалары мен бағдарламаларын әзірлеп, ұйым аясында іске асырылуын сұрауға құқылы. Қауымдастық елдің мұнай-газ секторы кәсіпорындарының өндірістік және басқару тәжірибесінде инновациялық технологиялар мен өнімдерді пайдалануға ұмтылады.
- Тиімділік. Қауымдастық мүшелері ұйымның басқарушы және атқарушы органдарынан ұтымды іс-шаралардың жүзеге асырылуын талап ете алады. Қауымдастық бәсекелестік сапасын артыру мақсатымен ел ішіндегі отын-энергетика кәсіпорындарының арасында тығыз байланыс орнатып, қосымша тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін «тың, ұтымды істер» идеясын насихаттайды.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ

Мұнай-газ және энергетика кешені Қазақстанның экономикалық өрлеуін қамтамасыз ететін ең маңызды ресурс. Отанымыздың бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының жүзеге асырылуында өзекті рөл атқарады.

Стратегияны 2006 жылы қаңтардың 18-інде Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев таныстырды



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!